

**С. Б. Сыздықов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының
2-баям тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: Қ. Х. Сәтбаева, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараған-
ды Академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТ ОРНЫ

Казіргі уақытта монархиялық мемлекеттер мен билік басында әскери демократия түрган мемлекеттерді қоспағанда, әлемнің көптеген елдерінде парламент жоғарғы заң шығарушы билік иесі ретінде мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының жүйесінде басты орында тұр. Айталық, Мексика Конституциясының 50-бабында «Мексика Құрама Штаттарында заң шығару билігі Бас Конгреске жүктеледі» делінген. Осыған ұқсас қағиданы Жапония өз Конституциясының 41-бабында бекітеді, онда «Парламент мемлекеттік биліктің бірден-бір заң шығарушы органы болып табылады.

Конституциялар парламенттерге заң шығару үстемдігі мен тәуелсіздігін бергеніне қарамастан, олардың белгілі бір елдің мемлекеттік органдар жүйесіндегі шынайы орны осы елдегі басқару нысанымен тікелей байланысты. Мысалы, парламенттік мемлекеттерде (Италия, ГФР, Австрия, Израиль, Түрік, Финляндия, және т. б.) Парламент Үкіметтен кейінгі орында тұр. Бұл елдерде үкіметтің парламент алдында жауаптылығына және парламентпен қалыптасуына қарамастан, парламент мемлекеттік биліктің жоғарғы атқарушы органына бағынышты. Мұны, шынайы биліктік өкілдіктердің үкімет қолында шоғырланғандығымен, сонымен қатар, бұл елдерде заң шығару бастамасы құқығын үкіметтің монополизациялаудың түсіндіруге болады.

Президенттік республикаларда (АҚШ, Мексика, Венесуэла, Гондурас т. б.) парламент едәуір тәуелсіз. Ол Президентпен таратылмайды, заң шығару бастамасы құқығы депутаттарда, үкімет тек парламент қабылдаған заңдарды орындау керек.

Президенттік республикаларда қолданылатын билік бөлу принципіне сәйкес Президент басқарған үкіметтің заң шығару билігі шыгарған заңдарды қабылдамау ветосынан басқа парламентке ықпал ету шаралары болмайды.

Парламенттің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын дәл белгілеу үшін оның атқаратын функциясын, яғни қызметтерінің негізгі бағыттарын анықтау керек.

Парламент қызметі заңдар шығарудан, мемлекеттік бюджетті қабылдаудан, халықаралық шарттарды бекітуден, конституциялық бағылау органдарын тағайындаудан тұрады. Осы аталған белгілердің барлығы да біздің Республикамыздың Парламентіне тән белгілер. Сол себепті президенттік басқару үлгісінің Қазақстанға тән ерекшелігімен анықталатын Республика Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны да ерекше.

1995-жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы Қазақстан халқы қабылдаған Республиканың әрекеттегі Негізгі Заңы президенттік басқару жүйесін бекітті. Конституцияның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігі анықталады.

Қазақстанның әрекеттегі Конституциясы тек президент институтын ғана дамытып қойған жоқ, сонымен қатар қазақстандық кәсіби парламенттің құрылуды мен қызмет етуі үшін заңдық негіз салды.

Жалпылттық өкілді үйім ретінде Парламент тарихы көп ғасырларға созылып жатыр.

Парламент алғаш рет сословиелік өкілдік органды ретінде ХІ-ХІІІ ғасырларда Ағылшын және Испан мемлекеттерінде пайда болды. Бірақ өзінің өкілді және заң шығарушы билік

ретіндегі маңызын Парламент ХУП-ХУШ ғасырларда буржуазиялық революция кезеңінде тапты.

Қазіргі уақытта монархиялық мемлекеттер мен билік басында әскери демократия түрған мемлекеттерді қоспағанда, әлемнің көптеген елдерінде парламент жоғарғы заң шығарушы билік иесі ретінде мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының жүйесінде басты орында тұр.

1995 жылғы конституциялық реформа Қазақстандағы парламентаризм институтының дамуына жол салды және елісіздің заң шығару қызметін жузеге асырушы жоғары өкілді органды мушелерінің мәртебесін тубегейлі өзгерту. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының құқықтық жағдайының негіздері Конституциямен анықталыш, 6 мамыр 1999 ж. өзг. мен толық, енгізілген 16-желтоқсан 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен нақтыланған. Парламент депутаттарының мәртебесі олардың өкілеттіктерімен қоса, міндетті түрде, депутаттық қызмет кепілдіктері кіретін элементтер жинағынан тұрады.

Парламент депутатының өкілеттіктері Республика Орталық сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталады. Парламенттің бірінші сессиясында оның Палааталарының бірлескен отырысында депутаттар Қазақстан халқына ант береді және, әдетте, жаңа сайлаудан кейін Парламенттің бірінші отырысы ашылған кезден бастап өз өкілеттіктерін тоқтатады. Бұдан өзге, депутат өкілеттігі келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқталуы мүмкін: отставкаға кету; депутатты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану; депутатқа катысты соттың айыптау үкімінің құшіне енуі бойынша, оны өз мандатынан айыру; оның Қазақстанның тыс жерге тұрақты қоныс аударуы; депутат болып табылатын азаматтың қаза болғанын хабарлау туралы сот шешімінің заңдық құшіне енуі; депутаттың қаза болуы. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының өкілеттігі келесі жағдайларда да мерзімінен бұрын тоқтатылады: оның мемлекеттік немесе жергілікті биліктің тағы бір өкілді органдының депутаты болып сайлануы (егер сайланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде одан осы органдагы депутаттың өкілеттігінің жойылғаны туралы жазбаша арыздың көшірмесі келіп тұспесе); депутаттың мемлекеттік қызметке кіруі; оның қоқытушылық, ғылыми және өзге шығармашылық қызметінен басқа ақы тәленетін қызметпен айналысуы; Қазақстан Республикасы Парламенттің Қазақстан Республикасының Президентімен таратылуы. Қазақстан Республикасы Парламенттің таратылуынан басқа жоғарыда айтылған барлық жағдайларда депутаттың өкілеттікін мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе депутаттың өкілеттікten айрылу туралы шешім Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша Парламенттің тиісті Палатасы депутаттарының көпшілік даусымен қабылданады. Қазақстан Республикасының Парламенті таратылған жағдайда депутаттар өкілеттіктері таратылған күннен бастап тоқтатылады.

Депутаттың Парламент пен оның органдарының жұмысына қатысуы оның құқығы ғана емес, сонымен бірге міндеті де болып табылады (Конституцияның 52б., 2 т.). Парламетте дауыс беруді депутаттың жеке өзі ғана жүзеге асыра алады.

Заң шығару қызметінің тиімділігі мен сапасы жағынан депутаттың қызмет жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асырылуы қажет.

Парламенттің мемлекет басшысымен, биліктің өзге тармақтарымен өзара әрекеттестігін білу үшін, яғни мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын дәл белгілеу үшін, оның атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын анықтау қажет.

Парламент қызметі заңдар шығарудан, мемлекеттік бюджетті қабылдаудан, халықаралық шарттарды бекітуден, конституциялық қадағалау органдарын тағайындаудан тұрады. Осы аталған белгілердің бәрі де біздің Республикамыздың Парламенттіне тән белгілер. Сол себепті президенттік басқару үлгісінің Қазақстанға тән ерекшелігімен анықталатын Республика Парламенттің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны да ерекше.

Қазақстан Республикасы Парламенттің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнының ерекшелігі Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа органдары арасындағы қарым-қатынастар арқылы анықталады.